

Табеев Т.П.  
**Қазақстан Республикасының  
әлеуметтік-экономикалық  
модернизациясы –  
экономикалық даму кепілі**

Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан стратегиялық бастамалар мен реформа, еліміздің әлеуметтік және экономикалық институттарын дамытуға бағытталғандығы белгілі. Сонымен бірге, әлеуметтік-экономикалық жаңғырту Қазақстанның таяу он жылдықтағы дамуының басты бағыты, негізі болып табылады. Бүгінгі таңда, өндірістік факторлар дағдарысы мен дүниежүзіндегі саяси ахуал, барлық мемлекеттерге өз салқынын тигізуде. Транзиттік даму кезеңінен өтіп, қалыпты эволюциялану жолына түскен еліміздің алдында қазір күрделі міндеттер тұр. Қазақстан экономикасы келешекте нарықтық жүйенің құрылымдық реформасын сәтті іске асырғанда ғана жетістікке қол жеткізуге болады. Осыны ескере отырып, берілген мақалада әлеуметтік-экономикалық модернизациясының ерекшелігі қарастырылды, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын нақты тұжырымдар келтірілді. Сонымен қатар, мақалада шетелдік тәжірибеде қолданылатын әлеуметтік-экономикалық модернизациясы әдіс тәсілдерін зерттеу мен оны қолдану жетістіктері қарастырылды, әртүрлі нарық шартына сай кәсіпорындарының стратегиясын тағайындау ұсынылды.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік-экономикалық модернизациясы, экономикалық даму, ауыл шаруашылығы, әр тараптандыру стратегиясы, жанашылдыққа бағытталу стратегиясы.

Tabeev T.P.  
**Socio-economic modernization  
of the Republic of Kazakhstan  
as a factor of economic  
development**

Implementation of strategic priorities and reforms in Kazakhstan are aimed primarily at the development of social and economic institutions of the country. And socio-economic modernization as the coming decades will be the most important direction of Kazakhstan. Today in the world crisis of production factors and international policies adversely affect many States. Kazakhstan's economy will achieve good results in the future if successfully implementing structural reform of the market economy. The development and establishment of market economy in our country has long been the focus of activity of any enterprise meeting the needs and requirements of the buyers. All firms, not realized in time the priority of this production, are unable to resist in today's competitive environment. In this regard, the present article describes peculiarities of socio-economic modernization. Also, the article discusses the experience of foreign countries for study and use in practice the principles and techniques of economic development, recommendations for the development of enterprise strategies.

**Key word:** socio-economic modernization, economic development, agriculture, differentiation strategy, innovation strategy.

Табеев Т.П.  
**Социально-экономическая  
модернизация Республики  
Казахстан как фактор  
экономического развития**

Реализация стратегических приоритетов и реформы в Казахстане направлены прежде всего на развитие социальных и экономических институтов страны. Социально-экономическая модернизация в ближайшие десятилетия станет самым важным направлением Казахстана. Сегодня в мире кризис производственных факторов и состояние международной политики отрицательно влияют на многие государства. Казахская экономика достигнет хороших результатов в будущем, если успешно реализует структурную реформу рыночной экономики, которая в нашей стране уже давно поставлена во главу деятельности практически любого предприятия для удовлетворения нужд и потребностей покупателей. Все фирмы, не осознавшие вовремя приоритетность этой постановки, не смогли удержаться в современной конкурентной среде. В связи с этим в настоящей статье раскрываются особенности социально-экономической модернизации. Также в работе рассматривается опыт зарубежных стран по изучению и использованию на практике принципов и методов экономического развития, даны рекомендации по разработке стратегий предприятия.

**Ключевые слова:** социально-экономическая модернизация, экономическое развитие, сельское хозяйство, стратегия дифференциации, стратегия инновации.

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК-  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ –  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУ КЕПІЛІ**

Мемлекет басшысының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, «Нұрлы Жол» инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасы, 5 институттық реформамен оны іске асырудың «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарының әлеуметтік-экономикалық модернизациялау бағытындағы экономикалық өсуді қамтамасыз ету басылымдықтарының алатын орны айрықша. **Биылғы жолдауда дағдарысқа қарсы үш негізгі ұғым – өсім, реформалар, даму үдерістерін жүзеге асыру негізінде**, қазақстандық жолдың жаңа кезеңіндегі экономиканы нығайту, қоғамды тұрақты дамуын қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын арттыру міндеттерін атап өтті.

Еуразиялық интеграция институты 2015 жылғы 3-8 маусым күндері жүргізген қоғамдық пікір сауалнамасының нәтижелері бойынша Қазақстандықтардың 98,3%-ы мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «5 институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлттық жоспарын қолдайды. «Сұрау салынған қазақстандықтардың 93%-ы қандай да бір дәрежеде Ұлт жоспары – «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» мазмұнынан хабардар», – делінген ресми БАҚ-та жарияланған сауалнама материалдарында [4]. Бұл әлеуметтік-экономикалық-саяси ұстанымды халық толығымен қолдайтындығын көрсетеді.

Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан стратегиялық бастамалар мен реформалар, еліміздің әлеуметтік және экономикалық институттарын дамытуға бағытталғандығы белгілі. Сонымен бірге, әлеуметтік-экономикалық жаңғырту Қазақстанның таяу онжылдықтағы дамуының басты бағыты, негізі болып табылады.

Ел дамуының стратегиялық міндеттерін, ағымдағы басымдылықтарын, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі принциптері мен бағыттары туралы Президентіміздің мақаласынан аңғаруға болады. Оның мәнін «Ұлт жоспары – Қазақстандық арманға бастайтын жол» деген атауы да ашып тұр.

Бүгінгі таңда өндірістік факторлар дағдарысы мен дүниежүзіндегі саяси ахуал, барлық мемлекеттерге өз салқынын тигізуде. Транзиттік даму кезеңінен өтіп, қалыпты эволюциялану жолына түскен еліміздің алдында қазір күрделі міндеттер тұр.

Нарықтық экономика жасалынды, жаңа саяси жүйе өмірге келді. Қоғамдық қатынастардың барлық салалары, еркін нарықтық экономикалық қатынастар жүйесіне сәйкестендірілуде. Елде ауқымды материалдық, қаржылық байлықтарға ие болған капиталистік бизнесмендер класы қалыптасты. Нарық қиындылығынан, елдің әлеуметтік әлсіз топтарының кедейленуі де күшейе түсті. Әлеуметтік қайшылықтар тікелей көрініс бере бастады. Елдің аграрлық секторын капиталдандырудың да, қиыншылықты үрдісі басталды. Міне, осындай қиындықты, әлеуметтік шындық жағдайында, елдің тұрақты дамуын жалғастыру, нарықтық модернизацияны тереңдете берудің бірден-бір жолы Қазақстан халқының материалдық әл-ауқатын

жақсарту екендігін Президент биылғы Жолдауында, мақаласында ерекше атап өтті.

Мемлекет алдағы уақытта қарапайым халықтың әл-ауқатын түбегейлі жақсартпаса, елдің дамуы болмайды. Сондықтан мемлекет бүгіннен бастап, әр қазақстандықтың мұң-мұқтажына бетбұрыс жасау саясатын, басшылыққа алуға тиісті. Мемлекет өз азаматтарына қызмет жасаса, оның өмір сүруін жақсартудың кешенді шараларын жүзеге асырса ғана, өзінің күш-қуатын еселейтінін түсінетін уақыт жетті.

Елдің Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруі, алдағы кезеңде тек бәсекелестікке қабілетті тауарлар өндіруді талап етеді. Әлем елдерінің экономикалық дамуының бір көрсеткіші ретінде ЖІӨ өсуіне мән берейік.

1-кесте – Әлем елдерінің экономикалық ЖЖӨ өсімі

N	Мемлекет	2015ж ЖЖӨ өсуі	2016 ЖЖӨ өсуі (болжамы)	себептері
1	ҚХР. (Қытай экономикасы)	7,3% (IVтоқсанда)	6,7%	
2	Филиппин	6,5%	6,5%-дан асады	Сарапшылар мұнай бағасының арзандауынан ең басты пайда көруші
3	Кения	6,0%	6,3%	Экономикалық өсім қарқынының артуымен қатар кедейшілік пен жұмыссыздық деңгейі өте жоғары.
4	Үндістан	5,6%	6,0%-дан жоғары	Арзан мұнай есебінен өнеркәсіп саласы дамуда
5	Индонезия	5,4%	5,5%	
6	Нигерия	4,9% өсті	5,1%	
7	Малайзия	4,8%	5,0%	
8	Перу	4,3%	4,5%	
9	Тайланд	3,8%	4,2%	
10	Араб Әмірліктері	3,7%	4,0%	Мұнай қоры есебінен
11	Қазақстан Республикасы	3,1%	3,3%	Мұнай бағасының арзандауы және Ресейге қолданған санкцияға байланысты өсу қарқыны төмендеді
12	Колумбия	3,0%	3,3%	

(ескерту: Bloomberg сараптамасының статистикалық мәліметеріне сүйеніп құрылды– <http://bloomberg.com>) [4].

Bloomberg зерттеуінде Қазақстан экономикасы жылдам дамып келе жатқан елдер тізімінде 3,1% өсуімен 11-ші орынға орналасты. Әлем елдерінің экономикасы орташа 2015 жылы 3,2%, ал 2016 жылы – 3,7%-ға өспек. АҚШ экономикасы болжанған 3% ЖІӨ өсімімен дамушы экономика елдері тізіміне енбей қалды.

Ал, Ұлыбритания экономикасы 2015 жылы 2,6% көрсетті.

Қазақстан экономикасы келешекте нарықтық жүйені құрылымдық реформасын сәтті іске асырғанда ғана жетістікке қол жеткізуге болады. Мысалға атап айтқанда, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаумен немесе шикізат ретінде

сатумен, әлемдік нарық кеңістігінен өз орнын таба алады. Сондықтан өндірістік тауарларының сапасын жақсарту, табиғи-экологиялық таза күйінде өндіру, ел экономикасының жаңа тынысын ашатын, негізгі басымдылық ретінде, үнемі бірінші кезекте тұруы қажет.

Ауыл экономикасын Қазақстан экономикасының тірегі ретінде бағалап, оны дамытуға барлық күш-жігерді жұмсақ қана, әлемдегі нарық рыногында беделге ие бола аламыз. Азық-түлік өнімдерін сатып алатын Қытай рыногының өзі ұшан-теңіз. Қытайға ет те, астық та, тері мен жүн де ұдайы қажет. Мәселе, оларға әлемдік нарық бағасымен сапалы өнім сатуға келіп тіреледі. Қазірдің өзінде экологиялық таза өнімдеріне қызығушылық танытып отыр. Осыған қоса дәстүрлі Ресей рыногі, көршілес Индия мен Пакистан рыногтарын меңгеру арқылы Қазақстан ауыл экономикасын дамытудың сара жолына түсуіне болады [1. 756].

Әрине, дәйекті жүргізілудегі экономикалық модернизация, индустриалдық-инновациялық өзгерістер, саяси-конституциялық реформалар, әлемдік ақпараттық, технологиялық кеңістікке ену, әлемдік нарықтық экономикадағы елдің орнын анықтау міндеттерін шешетін реформалардың барлығы қажетті. Кешенді, жүйелі даму қандай мемлекет болмасын міндетті. Онсыз өркениет көшіне ілесе алмаймыз.

Ел экономикасындағы нарықтық либерализациялау барысы мемлекеттік объектілерді жекешелендіруден басталды. Жекешелендіру аясында саудаға 430 объектілер шығарылды. 2014 – 2016 жылдарға арналған сату кестесіне сәйкес сатуға 834 объекті жоспарланған. 2014 жылдың маусым – 2016 жылдың қаңтардағы кезеңінде 492 объекті жекешелендіруге жатады. 2016 жылдың 26 қаңтардағы жағдайы бойынша іс жүзінде саудаға 430 объекті шығарылды, оның ішінде 243 объекті сатылды:

- республикалық меншік бойынша – 15,
- коммуналдық меншік бойынша – 118,
- ӘКК – 60,
- холдингтер бойынша – 50,

Сонымен, қаражат келесі түрде таратылды: республикалық бюджетке 5 509 млн. теңге, облыстық бюджеттерге 3 483 млн. теңгеден астам, Холдингтер 67261 млн теңге, ӘКК 2 956 млн. теңге.

Республикалық меншік – 41 объекті жекешелендіруге жатады. 2014 жылдың маусым – 2016 жылдың қаңтардағы кезеңінде іс жүзінде сатуға 28 объекті жоспарланған. Ағымдағы жылдың 26 қаңтардағы жағдайы бойынша сауда-саттыққа

28 объекті шығарылды, оның ішінде 15 объекті сатылды.

Коммуналдық меншік бойынша – 491 объектінің сатылуы белгіленді. 2014 жылдың маусым – 2016 жылдың қаңтардағы кезеңінде 243 объекті жекешелендіруге жатады. Іс жүзінде 26 қаңтардағы жағдайы бойынша 222 объекті шығарылды, соның ішінде 118 объекті сатылды.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар бойынша 170 объекті белгіленді. 2014 жылдың маусым – 2016 жылдың қаңтардағы кезеңінде 109 объекті жекешелендіруге жатады. Іс жүзінде 86 объекті сатуға қойылды, 60 объекті сатылды.

Ұлттық компаниялар мен холдингтер бойынша 132 объекті жекешелендіруге жатады, 26 қаңтардағы жағдайы бойынша жоспарланған 112 объектінің 94 объектісі сауда – саттыққа шығарылды, оның ішінде 50 объект сатылды – деп хабарлайды (Астана. 27 қаңтар. Вақ.kz ҚР Қаржы министрлігінің баспасөз қызметі) [4].

Бүгінгі күнде республикамызда жалпы сомасы 6 млрд. доллардан асатын Қазақстанның 2010-2014 жж. Форсирленген индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде 227 жоба іске асырылды. Инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу белсенділігін қолдауды қамтамасыз етті, өндірістік өнеркәсіп көлемі көтерілді, елдің сыртқы сауда айналымы өсті. [2.536]. Дегенмен, экспорттың тауар құрылымында өндіріс құрылымының әлсіз дамуынан өндірілетін өнімнің маңызды үлестік салмағы шикізат тауарларының шығарылымына сай келеді. Қазақстанның өнеркәсіп кешенінің көпшілігінің технологиялық деңгейінің төмендігі шығарылатын өнімнің ресурссыйымдылығының (энергиясыйымдылығының) негізгі себептерінің бірі болып табылады. Соңғы 20 жылда көпшілік кәсіпорындар өздерінің өндірістік қуаты мен технологияларын жаңартқан жоқ.

Қазақстан қажетті өндірістік қуаттың жеткілікті мөлшерін өнімнің жоғары қосылған бағасымен шығарылымды қамтымаған.

Сонымен бірге, Қазақстанның кәсіпорындарын модернизациялаудың қажеттілігі мен маңыздылығы келесі себептерге негізделген:

- көпшілік өңдеуші өнеркәсіп саласындағы негізгі өндіруші қорлардың шығыны (40% астам), кәсіпорынның технологиялық жабдықтырының жаңартылуы мен модернизациясына бағытталған инвестиция мөлшерінің төмендігі;
- ресурс сыйымдылық және ең алдымен, өндірілуші өнімнің энергосыйымдылығы;
- өндіруші құрылымдағы шикізат саласының басымдылығы, тікелей шетел инвестициясының

келуі оның көп бөлігі тау-кен өндіруші саласына келуі;

– қазақстандық кәсіпорындар мен экономиканың жоғары технологиялық өнімнің импортына бағыныштылығының күшеюі, бұл өз кезегінде елдің экономикалық қауіпсіздігін айтарлықтай деңгейге төмендетеді;

– елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына өндірістік жаһандану және көп ұлттану үрдістерінің әсер етуі, әлемдік экономикалық кеңістікке ұлттық өнеркәсіптің интеграциялану сұрақтарының маңыздандырылуы;

– физикалық және рухани ескірген негізгі өндіруші қорлардың интенсивті жинақталу үрдісі өнеркәсіп өндірісінің тиімділігіне кері әсерін көрсетеді [2.976].

Аталған барлық себептер өндірістік кәсіпорының бәсекеге қабілеттілігіне және ұлттық экономикаға тұтас кері әсерін тигізеді;

Бүгінгі таңда Қазақстан «Бизнес жүргізу – 2015(Doing Business)» рейтингінде 59 орынды алады. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің инновациялық әлеуеті әлемнің 183 елі арасындағы орташа деңгейден төмен Әлемдік банкпен бағаланады. Өндірістік кәсіпорындарға жаңа технологиялардың жеткіліксіз қолданылуы, қазақстандық компаниялардың көпшілік менеджерлерінің басқарушылық қабілетінің төмен деңгейі және техникалық біліктіліктерінің шектелушілігі қаржылық ресурстарға жеткіліксіз қол жетімділік және түрлі әкімшілік кедергілер тән.

#### Әдебиеттер

- 1 Есентугелов А. Стратегия процветания страны в условиях меняющегося мира. Уроки мирового кризиса и модернизация казахстанской экономики. – Алматы, 2011.
- 2 Евразийское пространство: интеграционный потенциал и его реализация/ ред.кол. Бисенбаев А.К., Ахмеджанов А.К., Султангалиева А.К. и др. – Алматы: Казахстан, 2004. – 97 с.
- 3 Интернет көзі: [htt: bloomberg.com](http://bloomberg.com) қаржы компаниясының сараптамасы.

#### References

- 1 Esentugelov A. Strategija procvetanja strany v uslovijah menjajushhegosja mira. Uroki mirovogo krizisa i modernizacija kazahstanskoj jekonomiki. – Almaty, 2011.
- 2 Evrazijskoe prostranstvo: integracionnyj potencial i ego realizacija/ red.kol. Bisenbaev A.K., Ahmedzhanov A.K., Sultangaliev A.K. i dr. – Almaty: Kazakhstan, 2004. – 97 s.
- 3 Internet kozi: [htt: bloomberg.com](http://bloomberg.com) қаржы компаниясының сараптамасы.